ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

СҮТ ЖӘНЕ СҮТ ӨНІМДЕРІ

Сүт майының титрленетін қышқылдығын анықтау

МОЛОКО И МОЛОЧНЫЕ ПРОДУКТЫ

Определение титруемой кислотности молочного жира

ҚР СТ ISO/TS 22113-2013

ISO/TS 22113:2012 Milk and milk products – Determination of the titratable acidity of milk fat (IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

СҮТ ЖӘНЕ СҮТ ӨНІМДЕРІ

Сүт майының титрленетін қышқылдығын анықтау

ҚР СТ ISO/TS 22113-2013

ISO/TS 22113:2012 Milk and milk products – Determination of the titratable acidity of milk fat (IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 Техникалық реттеу және метрология комитетінің «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны және «Экологиялық таза өнім» стандарттау бойынша № 60 техникалық комитеті («Халықаралық экология академиясы» мекемесі) **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының 2013 жылғы 19 қарашадағы № 534-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**.

3 Осы стандарт ISO/TS 22113-2012 «Milk and milk products – Determination of the titratable acidity of milk fat» (Сүт және сүт өнімдері. Сүт майының титрленетін қышқылдығын анықтау) халықаралық стандартымен бірдей.

ISO/TS 22113-2012 халықаралық стандартын ISO /ТС 34 *Тамақ өнімдері техникалық комитеті*, SC 5, *Сүт және сүт өнімдері* ішкі комитеті *және Халықаралық сүт өндірушілерінің федерациясы (IDF)* әзірледі.

Ағылшын тілінен аударылған (en).

«Нормативтік сілтемелер» бөлімінде және стандарттың мәтінінде халықаралық стандарттар өзектендірілген.

Негізінде осы ұлттық стандарт дайындалған және сілтемелер берілген халықаралық стандартының ресми данасы Бірыңғай нормативтік техникалық құжаттардың мемлекеттік қорында бар.

Сәйкестік дәрежесі – бірдей (IDT).

4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ 2020 жыл
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ 5 жыл

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа енгізілетін өзгерістер туралы ақпарат жыл сайын шығарылатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық сілтемесіне, ал өзгерістер мен түзетулердің мәтіні ай сайын басып шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемесіне жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (ауыстырылған) немесе жойылған жағдайда, тиісті хабарлама ай сайын шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемесіне жарияланады

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

Мазмұны

	Кіріспе	IV
1	Қолдану саласы	1
2	Принцип	1
3	Реагенттер	1
4	Құралдар	3
5	Сынамаларды сұрыптау	4
6	Сынақ үлгілерін дайындау	4
7	Процедура	5
8	Нәтижелерді есептеу және беру	6
9	Дәлдік	6
10	Сынақ хаттамасы	7
А қосымшасы (*ақпараттық*) Майды бөлу үшін тубалардың модельдері		8
В қосымшасы (*ақпараттық*) Майды еріткіштің бір көлемінде бірнеше үлгіні жүйелі титрлеу үшін типтік құрылғы		9
С қосымшасы (*ақпараттық*) Титрлеу процедурасын аяқтау үшін бастапқы майдың үлгілерін жұмыс үшін дайындау және енгізу бойынша нұсқау		10
D қосымшасы (*ақпараттық*) Зертханааралық тәжірибе		13
Библиография		14

Кіріспе

Осы стандарт негізделген халықаралық стандарт ISO 22113-2012 «Сүт және сүт өнімдері – Титрленетін қышқылдықты анықтау» стандартын қайта қарастыру болып табылады.

ISO 22113-2012 ISO /TC 34 Тамақ өнімдері техникалық комитеті, SC 5, Сүт және сүт өнімдері ішкі комитеті және Халықаралық сүт өндірушілерінің федерациясы (IDF) әзірледі.

IDF (Халықаралық сүт өндірушілерінің федерациясы) барлық әлемде сүт өндірушілердің секторын қамтитын коммерциялық емес ұйым болып табылады. IDF құрамына әр мүше-елден ұлттық комитеттер, сонымен қатар, IDF-пен ынтымақтастық туралы ресми келісім жасаған сүт өндірушілердің аймақтық ассоциациялары кіреді. IDF барлық мүшелері сәйкес техникалық жұмыстарды орындап, IDF тұрақты комитеттерінің құрамында болуға құқылы. IDF және ISO сүт пен сүт өнімдері үшін сараптаманың және сынама сұрыптаудың стандартты әдістерін әзірлеу мәселелері бойынша ынтымақтасады.

Осы стандартта көрсетілген басшылық нұсқаулар сүт майының титрленетін қышқылдығын анықтаудың әдісіне таралады. Әдіс майдың 4%-дан 6%-ға дейін массалық үлесін алу үшін араластырған жағдайда майдың кез келген мөлшері бар шикі сүттен, зарарсыздандырылған сүттен, кілегейден алынған сүт майына қолданылады.

Бұл әдіс қышқыл сүтті өнімдерге және бактериялық және ферментативтік жұғуға ұшыраған сүтке қолданылмайды.

Титрлеу процедурасы, сондай-ақ, кейбір басқа сүт өнімдерінен бөлінген майларға қолданыла алады.

Осы стандарт құрамында күніне бестен бірнеше жүзге дейін сынамасы бар сынақ үлгілердің топтамасына арналған.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

СҮТ ЖӘНЕ СҮТ ӨНІМДЕРІ

Сүт майының титрленетін қышқылдығын анықтау

Енгізілген күні 2015-01-01

1 Қолдану саласы

Осы стандарт сүт майының титрленетін қышқылдығын анықтаудың таралған әдісін белгілейді. Әдіс:

a) шикі сүттен;

b) зарарсыздандырылған сүттен;

c) құрғақ сүттен қалпына келтірілген сүттен;

d) өнімді майдың 4%-дан 6%-ға дейін массалық үлесін алу үшін араластырған жағдайда кез келген майдың мөлшері бар кілегейден алынған сүт майына қолданылады.

Осы әдіс қышқыл сүтті өнімдерге немесе бактериялық немесе ферментативті жұғуға ұшыраған сүтке қолданылмайды.

1-ЕСКЕРТПЕ Титрлеу процедурасы, сондай-ақ, кейбір басқа сүт өнімдерінен бөлінген майларға қолданыла алады.

2-ЕСКЕРТПЕ Осы стандарт құрамында күніне бестен бірнеше жүзге дейін сынамасы бар сынақ үлгілердің топтамасына арналған.

2 Принцип

Үлгінің белгілі мөлшері құрамында натрий тетрафосфаты және беттік-белсенді заты бар ертіндімен араластырылады. Қоспа майды бөлу үшін қайнап тұрған су моншасында қызытылады. Бөлінетін сүт майының белгілі мөлшері органикалық еріткіште еріп, сілтінің спирттік ерітіндісімен титрленеді.

3 Реагенттер

Дистилденген немесе диминералданған су, немесе эквивалентті таза су белгіленбесе, тек белгілі химиялық таза реагенттер қолданылады.

3.1 Метафосфор қышқылының ерітіндісі, $c(H_3PO_4) \approx 1$ моль/дм^3.

3.2 BDI[1] реагенті. Қосымша қызытылмаған дистилденген судың 700 см^3 натрий тетрафосфатының 70 г ерітіп, араластыру қажет.

1) "BDI" қысқартылған сөзі Сүт өнеркәсібінің бюросы дегенді білдіреді; бұл ұйым осы әдісті алғаш рет әзірледі.

Октилфенилполиэфирдің (этиленгликоль)[2] 30 г қосып, қайтадан араластыру қажет. Бұл қажет болса, фосфор қышқылы ерітіндісінің (3.1) көмегімен pH 6,6 дейін жеткізу. Судың 1 дм^3 ерітіп, араластыру қажет. Егер оны тоңазытқышта және қараңғы жерде сақтаса, реагент 1 ай ішінде тұрақты болып табылады.

ЕСКЕРТПЕ Натрий тетрафосфаты құрамында кейбір басқа полифосфаттардан бөлек негізгі компонент ретінде натрий тетрафосфаты $(NaPO_3)_4$ бар полифосфат болып табылады.

3.3 Тимолсульфонфталеин ерітіндісі, c ($C_{27}H_{30}O_5S$) = 0,1 г/дм^3 пропан-2-олда.

Бастапқы ерітіндіні дайындау үшін натрий тұзының 0,1 г тимолсульфонфталеинмен пропан-2-олдың 100 см^3 еріту қажет. Дәл қолдану алдында бастапқы ерітіндінің бір бөлігін пропан-2-олдың тоғыз бөлігімен еріту қажет.

3.4 Майды еріткіштің ерітіндісі. 60°С-тан 80°С-қа дейін шектегі қайнау температурасында тимолсульфонфталеин ерітіндісінің (3.3 қараңыз) бір бөлігін мұнай эфирінің төрт бөлігімен араластыру қажет.

Майды еріткіштің ерітіндісін қараңғы жерде 1 ай ішінде сақтауға болады.

3.5 Калий фосфорлы сутектің ерітіндісі, моль/дм^3.

Калий фосфорлы сутектің 1,021 1 г көлемі 500 см^3 өлшеу колбасында (4.11 қараңыз) еріту қажет.

3.6 Тетра-н-бутиламмоний гидроксидінің ерітіндісі, c($C_{16}H_{37}NO$) = 0,01 моль/дм^3 пропан-2-олда және метанол қоспасында.

c($C_{16}H_{37}NO$) = 0,01 моль/дм^3 аяққы концентрацияны алу үшін тетра-н-бутиламмоний гидроксидінің, c[$(C_4H_9)_4NOH$] = 0,1 моль/дм^3 бір бөлігін пропан-2-ол-дың тоғыз бөлігімен пропан-2-ол-да және метанол қоспасында еріту қажет.

Тетра-н-бутиламмоний гидроксидінің ерітіндісінің концентрациясы сақтау кезінде және оларды бюреткаларға көшіру кезінде өзгеруі мүмкін. Сондықтан, ерітіндінің нақты концентрациясын тимолсульфонфталеин ерітіндісінің (3.3 қараңыз) көмегімен индикатор ретінде калий фосфорлы сутектің стандартты ерітіндісіне (3.5) қатысты титрлеу жолымен қолдану алдында төрт ондық таңбаға дейін дәлдікпен анықтау қажет.

Бюретканы көмірқышқыл газының енуін болдыртпайтын құрылғымен жабдықтаған жағдайда концентрация 1 ай ішінде тұрақты болады.

3.7 Эксперименттік майлар және бастапқы майлар

3.7.1 Эксперименттік майлар

Май қышқылдығының 0,5 ммоль/100 г деңгейі және майдың 1,0 ммоль/100 г деңгейі бар құрғатылған сүт майының белгілі мөлшерін (мысалы, 1000 г) еріту қажет. Ерітілген құрғатылған сүт майының үлгісін сараптамалық сынамаларға (мысалы, әрқасысы 5 г) бөлу қажет.

Минус 20°С немесе одан да төмен температурада мұздатқыш камерада сақтаған кезде эксперименттік майдың сараптамалық сынамалары 2 жыл бойы сақталуы мүмкін.

---

[2] Тритон Х-100 коммерциялық жағынан тиімді өнімнің мысалы болып табылады. Бұл ақпарат осы құжаттың тұтынушыларының қолайлылығы үшін берілген және ISO және IDF осы өнімнің мақұлдауы болып табылмайды.

Эксперименттік майлардың үлгілері титрлеу процедурасы (7.2 қараңыз) кезінде немесе жұмыстың бір сеансы кезінде немесе уақыттың ұзақ кезеңінде (бірнеше айдан бірнеше жылға дейін) жұмыс арасындағы үзілістер кезінде алынған нәтижелердің жаңартушылығын тексеру үшін қолданылады.

3.7.2 Бастапқы майлар

Бастапқы майлардың үлгілері құрамында май қышқылдығының (негізгі май) аз мөлшері бар, майдың 100 г 0,5 ммоль/100 г-нан 1,5 ммоль/100 г дейін жоғары деңгейлі пальмитин қышқылымен (C_{16}) байытылған сүт майларынан тұрады.

Титрлеу процедурасының дәлдігін регрессия теңдеуінен Формула (1) бойынша тексеруге болады:

$$b(C_{16}) = \alpha + \beta\Delta b \quad (1)$$

$b(C_{16})$ – негізгі майға қосылған, майдың 100 г-дағы ммоль-мен берілген пальмитин қышқылының мөлшері;

Δb – негізгі майдың (дайындаманың) BDI шамасына қысқартылған байытылған үлгілердің BDI мәні.

Бастапқы майдың осы үлгілерін дайындау және қолдану бойынша нұсқаулар С қосымшасында сипатталған.

4 Құралдар

Келесі зертханалық жабдықтар қолданылады.

4.1 Көлемі 10 см^3, 25 см^3 және 50 см^3 **жіберуші тамызғыштар** немесе **шприцтер**.

4.2 Реагенттер қоспасынан алынатын майдың аз мөлшерін жинау үшін жіңішке штоктармен жабдықталған сүтті жинау және салқындату үшін ваннадан тұратын **майды бөлу үшін тубалар**. Штоктың диаметрі, май үлгісін мөлшерленген шприцпен (4.5 қараңыз) алу мүмкіндігі болу үшін, жеткілікті үлкен болуы тиіс. Майды бөлу үшін тубалардың модельдері А қосымшасында көрсетілген. Май өлшеуіштерді (бутирометрлерді) [3] сәйкес қолдану қажет.

ЕСКЕРТПЕ Майды бөлу центруфагалудың арқасында, әсіресе жіңішке штоктары бар тубаларда, жоғарылайды.

4.3 45°С ұ 1°С шектерінде температураны қолдай алатын **су моншасы**.

4.4 95°С тең немесе одан жоғары температураны қолдай алатын **қайнап тұрған су моншасы**.

4.5 Мөлшерленген шприцтер реттеледі және 2 мг дейін дәлдікпен 45°С кезінде 0,25 г шамасында сүт майының нақты мөлшерін жібере алады.

ЕСКЕРТПЕ Тәжірибеден белгілі болғандай, майдың белгілі мөлшерін көлемді тамызғыштың көмегімен дәл және қолайлы көшіруге болады.

4.6 Піскекпен жабдықталған, титрлеудің бір процедурасында титрлеуге тиісті сынақ үлгілерінің көлеміне тәуелді сыйымдылығы 10 см^3-тан 100 см^3-қа дейін **титрлеу үшін ыдыс**.

4.7 0,002 $см^3$ минимум шкаланың бөлінуі бар **микробюретка**.

4.8 Құрамында көмірқышқыл газы жоқ **азотты баллон**.

4.9 Азотты баллонмен (4.8 қараңыз) және титрлеу үшін ыдыспен (4.6) байланыстырылған, қайнау температурасы 60°С-тан 80°С-қа дейін құрамында мұнай эфирі бар **газды жуғыш**.

4.10 Титрлеу үшін ыдысқа (4.6) қосылатын, 600 нм және 620 нм арасындағы толқынның ұзындығында өлшеуге жарамды, батыру зонды бар **колориметр**.

4.11 Көлемі 100 $см^3$-тан 500 $см^3$-қа дейін, [2], А класының бір таңбасы бар **өлшеуіш колбалар**.

1-ЕСКЕРТПЕ Титрлеу үшін ыдыс (4.6 қараңыз), газды жуғыш (4.9 қараңыз) арқылы өтетін тетра-н-бутиламмоний гидроксидінің сулы емес титрлейтін ерітіндісін (3.6 қараңыз) жіберу үшін микробюретка (4.7) және колориметрге (4.10 қараңыз) қосылған батыру зонды майды еріткіштің бір көлемінде бірнеше үлгілерді жүйелі титрлеу үшін типтік құрылғыға (В қосымшасын қараңыз) жиналған.

2-ЕСКЕРТПЕ Қолмен титрлеу үшін және титрлеудің сындық нүктесін көзбен шолып анықтау үшін құрылғыны жеңілдету үшін, оны батыру зонды бар колориметрсіз орнату қажет.

5 Сынамаларды сұрыптау

Сынамаларды сұрыптау осы техникалық сипаттама құжатта белгіленген әдістің бөлігі болып табылмайды. Сынамаларды сұрыптаудың ұсынылатын әдісі [1] көрсетілген.

Зертханаға тасымалдау немесе сақтау кезінде басқа өзгерістерге ұшырамаған, зақымданулары жоқ көрнекі үлгі беріледі.

6 Сынақ үлгілерін дайындау

6.1 Сақтау және консервация

Сүттің немесе кілегейдің сынақ үлгілері 0°С-тан 4°С-қа дейін температурада сақталып, тасымалданады (құрғақ сүтті қоршаған ортаның температурасында сақтауға болады), оларды талдауды 36 сағат ішінде жүргізу қажет.

Ұзақ сақтаған кезде немесе тоңазытқышта минус 5°С температурасында сақтаған кезде сынақ үлгілері соңғы концентрациясы 0,2 г/$дм^3$ H_2O_2 сутек тотығының көмегімен консервациялануы жөн. Бұл жағдайда үлгілерді 4 күн бойы сақтауға болады.

6.2 Сынақ үлгісін алдын ала өңдеу

6.2.1 Сүт үлгісі

Сынақ үлгілерін олардың температурасын жоғарылатпай инверттеу жолымен бірнеше рет араластыру қажет.

6.2.2 Кілегей үлгісі

Кілегей үлгісін 4%-дан 6%-ға дейін майдың массалық үлесін алу үшін сәйкес майсыздандырылған сүтті немесе суды пайдаланып, еріту қажет.

Кілегейді араластыру үшін суды пайдалану бастапқы сүтпен салыстырғанда бос май қышқылдарының (БМҚ) деңгейін лайықсыз бағалануына алып келеді.

6.2.3 Құрғақ сүт үлгісі

Құрғақ сүттің 13 г сыйымдылығы 100 $см^3$ өлшеуіш колбада (4.11) еріту қажет. 60 мл су қосып, миксердің көмегімен бөлме температурасында 70 мин ішінде араластыру қажет. 100 $см^3$ таңбасына дейін сумен араластыру қажет.

7 Процедура

7.1 Майды бөлу

Сынақ үлгісінің (сүттің, араластырылған кілегейдің немесе қалпына келтірілген құрғақ сүттің) (6.2 қараңыз) 3,5 бөлігін (ұ3%) BDI реагенттің (3.2 қараңыз) 1 бөлігімен (ұ1,5%) майды бөлі үшін тубада келесі мөлшерлерді пайдаланып араластыру:

а) MONED тубасын (4.2 қараңыз) пайдаланған кезде сынақ үлгісінің (6.2 қараңыз) 31 $см^3$ ± 1 $см^3$ және BDI реагентінің (3.2 қараңыз) 8,9 $см^3$ + 0,1 $см^3$ араластыру;

б) Ван Гуликтің май өлшеуішін (4.2) пайдаланған кезде сынақ үлгісінің (6.2 қараңыз) 16,0 $см^3$ + 0,5 $см^3$ және BDI реагентінің (3.2 қараңыз) 4,5 $см^3$ + 0,1 $см^3$ араластыру;

в) басқа тубаларды пайдаланған кезде сынақ үлгісінің (6.2 қараңыз) және BDI реагентінің (3.2 қараңыз) көлемдік үлестерін 3,5 + 1 қатынасында, майды бөлу үшін тубалардың штогында майдың бағанасы (4.2 қараңыз) болатындай көлемді пайдаланып араластыру.

Толғаннан кейін майды бөлу үшін тубаны жауып, оның құрамын араластыру қажет.

Шикі сүттен алынған сынақ үлгісін мұқият, бірнеше рет инверттеу жолымен араластыру қажет. Өңделген сүттен немесе қалпына келтірілген құрғақ сүттен алынған сынақ үлгілерін майдың ұқыпты бөлінуін алу үшін қарқынды шайқау қажет.

5 мин ішінде тубаны қайнап тұрған су моншасына (4.4 қараңыз) салып, оны қайнап тұрған су моншасында 95°С тең немесе одан жоғары температурада 15 мин бойы ұстау қажет. Майдың бөлінуі одан да жақсы өтуі үшін жіңішке штоктары бар тубаларды және шикі сүттен бөлек басқа сүт үлгілерін центрифугалау қажеттілігі туындауы мүмкін.

Май нашар бөлінсе, тубаларды майдың қатаюы үшін тоңазытқышқа салу қажет. Қайнап тұрған су моншасында қайта қызытудан кейін майдың бөлінуі күшейеді. Барлық жағдайларда май мөлдір болып, оның құрамында ешқандай бөлшектер болмауы тиіс.

Майды бөлгеннен кейін тубаны су моншасына (4.3 қараңыз) 45°С температурасында ұстау қажет. Су деңгейінің туба құрамының жоғарғы деңгейінен жоғары сақталуына көз жеткізу қажет.

7.2 Титрлеу

Титрлеуді құрамында көмірқышқыл газы жоқ атмосферада титрлеуге дайындалған ыдыста (4.6 қараңыз) жүргізу қажет. Титрлеу үшін ыдысты газды жуғышпен (4.9 қараңыз) байланыстырылған азотты баллонға (4.8 қараңыз) қосу қажет. Мұнай эфирінің буланууын өтеу үшін газды жуғышты ұдайы толтыру қажет.

Майды еріткіштің (3.4 қараңыз) сәйкес көлемін және эксперименттік майдың (3.7.1 қараңыз) 0,25 г ішінен алдын ала азоттың көмегімен көмірқышқыл газы шығарылған титрлеу үшін ыдыска (4.6 қараңыз) салу қажет.

Колориметр толқынының ұзындығын орнатуда бақылау қажет. 0% (қара) және 100% (май үлгісі бар майды еріткіш) жіберу кезінде колориметрдің шәкілін реттеу қажет.

Титрлеудің сынақ нүктесін жіберу шәкілі бойынша 70% реттеу қажет. Майды еріткішті тетра-н-бутиламмоний гидроксидінің ерітіндісінің (3.6 қараңыз) көмегімен бейтараптандыру қажет.

Мөлшерленген шприцтің (4.5 қараңыз) көмегімен эксперименттік майдың белгілі мөлшерін, 0,25 г шамасында қосып, титрлеуді бастау қажет. Қайталаушылық талаптарына (9.2 қараңыз) сәйкес келу үшін процедураны бес рет қайталау қажет.

Эксперименттік май үшін алынған нәтижелер қайталаушылық шектерінің диапазонынан тыс болса, титрлеу құрылғысын (В қосымшасы) және титрлеу процедурасының өзін тексеру қажет.

Мөлшерленген шприцтің (4.5 қараңыз) көмегімен сынаманы (майдың дайындалған үлгісінің 0,25 г шамасында (7.1 қараңыз)) титрлеу үшін ыдысқа көшіріп, титрлеуді бастау қажет.

Майды еріткіштің 2 $см^3$ титрлеудің (мысалы, майды еріткіштің 40 $см^3$ көлеміндегі титрлеудің 60 процедурасы) 3 процедурасын аяқталғаннан кейін майды еріткішті жаңа еріткішке ауыстыру қажет.

Үлгілердің кіші мөлшерін титрлеу кезінде титрлеудің сынақ нүктесі түстің өзгеруін (сарыдан ақшыл жасылға дейін) көзбен шолып бақылау жолымен бағалана алады.

8 Нәтижелерді есептеу және көрсету

8.1 Есептеу

Майдың 100 г ммоль-мен берілген сынақ үлгісі майының қышқылдығын, b_{H^+}, Формула (2) арқылы есептеу қажет:

$$b_{H^+} = \frac{V_c}{m} \times 100 \qquad (2)$$

V – титрлеу процедурасында қолданылатын тетра-н-бутиламмоний гидроксидінің ерітіндісінің (3.6) үш ондық таңбаға дейін дәлдікпен берілген көлем, $см^3$;

c - тетра-н-бутиламмоний гидроксидінің ерітіндісінің (3.6 қараңыз) төрт ондық таңбаға дейін дәлдікпен берілген дәл концентрациясы, моль/$дм^3$;

m – мөлшерленген шприцпен титрлеу үшін ыдысқа көшірілген майдың үш ондық таңбаға дейін дәлдікпен берілген салмағы, г.

8.2 Нәтижелерді беру

Сынақ нәтижелерін екі ондық таңбаға дейін дәлдікпен беру қажет.

9 Дәлдік

9.1 Зертханааралық сынақ

Осы зертханааралық сынақтан алынған қайталаушылық мәндері [4] және [5] сәйкес анықталған. Сынаққа тек үш зертхана қатысты.

Алынған мәндерді тек болжалды ретінде ғана қарастыру жөн. Әдістің дәлдігін зертханааралық сынау туралы толық ақпарат Г қосымшасында берілген.

9.2 Қайталаушылық

Уақыттың қысқа аралығында бір жабдықты пайдаланып, бір оператормен бір зертханада бір сынақ материалында бір әдіспен алынған бір қайтара сынақтың екі бөлек

нәтижелері арасында абсолюттік айырмашылық болжалды жағдайлардың 5%, яғни 0,072 ммоль/100 г артық емес, құрайды.

10 Сынақ хаттамасы

Сынақ хаттамасында келесі ақпарат болуы қажет:

a) үлгіні толық сәйкестіндіру үшін қажетті барлық ақпарат;

b) әдіс белгілі болса, сынамаларды сұрыптаудың қолданылатын әдісі;

c) сынақтың қолданылатын әдісі және осы стандартқа сілтеме;

d) осы стандартта көрсетілмеген немесе қосымша ретінде қарастырылатын жұмыс егжей-тегжейлері, сынақтың нәтижесіне (нәтижелеріне) әсер ете алатын кез келген басқа жұмыс егжей-тегжейлерді қоса;

e) сынақтың алынған нәтижесі (нәтижелері);

f) қайталаушылық тексерілсе, соңғы нәтижелер.

А қосымшасы
(ақпараттық)

Майды бөлу үшін тубалардың модельдері

Өлшемдер, мм



А.1-сурет —MONED тубасы

Өлшемдер, мм



Шартты белгілер
1 бөлінген май

А.2-сурет — Майды бөлу үшін тубаның жалпы моделі

В қосымшасы
(ақпараттық)

Майды еріткіштің бір көлемінде бірнеше үлгіні жүйелі титрлеу үшін типтік құрылғы



Шартты белгілер

1 құрамында мұнай эфирі бар газды жуғыш арқылы өтетін азотты баллон

2 тетра-н-бутиламмоний гидроксидінің сулы емес титрлейтін ерітіндісін жіберу үшін саңылау

3 колориметрге қосылған оптикалық зонд

4 майды еріткішті және май үлгілерін енгізу үшін саңылау

5 араластырғыш құрылғы

Б.1-сурет — Жүйелі титрлеу үшін титрлеудің типтік құрылғысы

С қосымшасы
(ақпараттық)

Титрлеу процедурасын аяқтау үшін бастапқы майдың үлгілерін жұмыс үшін дайындау және енгізу бойынша нұсқау

В.1 Бастапқы майдың үлгілерін дайындау

В.1.1 Негізгі сүт майы

Майдың төмен қышқылдығы бар сүт майының жеткілікті мөлшерін алу қажет. 38°С кезінде еріту қажет.

В.1.2 Пальмитин қышқылымен (C_{16}) байытылған бастапқы майларды дайындау

В.1.2.1 Майдың 100 г пальмитин қышқылының 1,25 ммолімен байытылған бастапқы А майы.

0,1 мг дейін дәлдікпен пальмитин қышқылының 0,962 г + 0,001 г өлшеу қажет. Пальмитин қышқылын негізгі сүт майының (В.1.1) 300 г ерітіп, араластыру қажет.

Осы тәсілмен дайындалған бастапқы А майының 0,01 г дейін дәлдікпен жалпы салмағын өлшеу қажет.

100 % таза пальмитин қышқылы жоқ. Сондықтан, пальмитин қышқылын салмақтау кезінде оның тазалығын ескеру қажет. Мысалы, құрамында "минимум 98%" бар пальмитин қышқылын енгізген кезде, салмақталуға тиісті пальмитин қышқылының салмағы 0,962 г орнына, шамамен 0,962/0,98 = 0,982 г құрауы қажет.

Пальмитин қышқылының бастапқы майдағы деңгейін, $b(C_{16})_{1,25}$, ммоль/100 г, Формула (В.1) арқылы есептеу қажет:

$$b(C_{16})_{1.25} = \frac{w m_1 \times 10^5}{m_2 M}, \qquad \text{(В.1)}$$

w – пальмитин қышқылының тазалығының сандық мәні, массалық үлес ретінде (w әдетте 0,98 және 1,00 аралығындағы шектерде болады);

m_1 – бастапқы А майын дайындау үшін пальмитин қышқылының салмағы, г;

m_2 – дайындалған бастапқы А майының жалпы көлемінің салмағы, г;

M – пальмитин қышқылының молекулалық салмағы, г (M = 256,43 г/моль).

В.1.2.2 Майдың 100 г пальмитин қышқылының 1,00 ммолімен байытылған бастапқы В майы.

0,1 мг дейін дәлдікпен бастапқы А майының (В.1.2.1) 80 г + 0,01 г өлшеу қажет. Бастапқы майды негізгі сүт майының (В.1.1) 20 г + 0,01 г ерітіп, араластыру қажет.

Осы тәсілмен дайындалған бастапқы В майының 0,01 г дейін дәлдікпен жалпы салмағын өлшеу қажет.

Пальмитин қышқылының бастапқы сүт майындағы деңгейін, $b(C_{16})_{1,00}$, ммоль/100 г, Формула (В.2) арқылы есептеу қажет:

$$b(C_{16})_{1.00} = b(C_{16})_{1.25} \frac{m_3}{m_4}, \qquad \text{(В.2)}$$

m_3 – негізгі сүт майында ерітілген бастапқы А майының салмағы, г;

m_4 – дайындалған бастапқы В майының жалпы көлемінің салмағы, г.

В.1.2.3 Майдың 100 г пальмитин қышқылының 0,75 ммолімен байытылған бастапқы С майы.

0,1 мг дейін дәлдікпен бастапқы А майының (В.1.2.1) 60 г + 0,01 г өлшеу қажет. Бастапқы А майын негізгі сүт майының (В.1.1) шамамен 40 г + 0,01 г ерітіп, араластыру қажет.

Осы тәсілмен дайындалған бастапқы С майының 0,01 г дейін дәлдікпен жалпы салмағын өлшеу қажет.

Пальмитин қышқылының бастапқы сүт майындағы деңгейін, $b(C_{16})_{0,75}$, ммоль/100 г, Формула (В.3) арқылы есептеу қажет:

$$b(C_{16})_{0,75} = b(C_{16})_{1,25}\frac{m_5}{m_6}, \quad \text{(В.3)}$$

m_5 – негізгі сүт майында ерітілген бастапқы А майының салмағы, г;

m_6 – дайындалған бастапқы С майының жалпы көлемінің салмағы, г.

В.1.2.4 Майдың 100 г пальмитин қышқылының 0,50 ммолімен байытылған бастапқы D майы.

0,01 г дейін дәлдікпен бастапқы А майының 40 г + 0,01 г өлшеу қажет. Бастапқы А майын негізгі сүт майының (В.1.1) 60 г + 0,01 г ерітіп, араластыру қажет.

Осы тәсілмен дайындалған бастапқы D майының 0,01 г дейін дәлдікпен жалпы салмағын өлшеу қажет.

Пальмитин қышқылының бастапқы сүт майындағы деңгейін, $b(C_{16})_{0,50}$, ммоль/100 г, Формула (В.4) арқылы есептеу қажет:

$$b(C_{16})_{0,50} = b(C_{16})_{1.25}\frac{m_7}{m_8}, \quad \text{(В.4)}$$

m_7 – негізгі сүт майында ерітілген бастапқы А майының салмағы, г;

m_8 – дайындалған бастапқы D майының жалпы көлемінің салмағы, г.

В.2 Бастапқы майдың үлгілерін жұмысқа енгізу

В.2.1 Бастапқы майдың қышқылдығын анықтау

Процедураға (7.2) сәйкес негізгі сүт майының (В.1.1) (дайындама) қышқылдығын және бастапқы майдың төрт үлгісінің май қышқылдығының мәндерін, $b_{1,25}$, $b_{1,00}$, $b_{0,75}$ және $b_{0,50}$, анықтау қажет.

В.2.2 Нәтижелерді есептеу және бағалау

В.1-кесте — Есептер

Үлгіні сәйкестендіру	Бастапқы май үлгісіндегі пальмитин қышқылының деңгейі, $b(C_{16})_{i,\ ref}$	7.2 сәйкес анықталған BDI мәні	Δb_N $(b_i - b_0)$	$\Delta b_N / b(C_{16})_{i,\ ref}$ қатынасы
Негізгі май (дайындама)		b_0		
Бастапқы A майы	$b(C_{16})_{1,25}$	$b_{1,25}$	Δb_A	$[\Delta b_A/b(C_{16})_{1,25}]_A$
Бастапқы B майы	$b(C_{16})_{1,00}$	$b_{1,00}$	Δb_B	$[\Delta b_B/b(C_{16})_{1,00}]_B$
Бастапқы C майы	$b(C_{16})_{0,75}$	$b_{0,75}$	Δb_C	$[\Delta b_C/b(C_{16})_{0,75}]_C$
Бастапқы D майы	$b(C_{16})_{0,50}$	$b_{0,50}$	Δb_D	$[\Delta b_D/b(C_{16})_{0,50}]_D$

В.1-кестесінде көрсетілген мөлшерлерді жинақтау:

а) 2-бағана бастапқы A, B, C және D майларындағы пальмитин қышқылының деңгейлерін санап шығады;

б) 3-бағана титрлеу процедурасына (7.2) сәйкес анықталған бастапқы A, B, C және D майларындағы BDI мәндерін санап шығады;

в) 4-бағана бастапқы A, B, C және D майларындағы BDI мәндерінен негізгі майдың BDI мәнін, b_0, азайту жолымен Δb_A, Δb_B, Δb_C, және Δb_D мәндерін санап шығады.

Бастапқы майдың әр үлгісі үшін $\Delta b_N/b(C_{16})_{i,\ ref}$ қатынасын есептеу қажет, бұл жерде сәйкесінше N A, B, C және D, ал i 1,25, 1,00, 0,75 және 0,50 болып табылады.

Сонымен қатар, регрессия теңдеуінің (В.5) қалдық стандартты ауытқуын е, $s_b(C_{16})_{p,b}$, есептеу қажет:

$$b(C_{16})_p = \alpha + \beta b, \qquad (B.5)$$

$b(C_{16})_p$ – бастапқы майдың үлгілерінде пальмитин қышқылының есептік деңгейін (В.1.1) көрсетеді;

b – бастапқы май үлгілерінің BDI мәндерін (В.1.2) көрсетеді.

Егер $\Delta b_N/b(C_{16})_{i,\ ref}$ қатынастарының бірі немесе одан да көбі 1,00 $\pm$ 0,05 диапазонынан тыс болса (яғни, нәтижелер есептік мәндерден 5% артық ауытқыса) немесе қалдық стандартты ауытқу $s_b(C_{16})_{p,b}$ > 0,02 ммоль/майдың 100 г болса, титрлеу үшін ерітіндіні (4.6), титрлеу үшін құрылғыны (В қосымшасы) және титрлеу процедурасының өзін (7.2) тексеру қажет.

Қажетті тексерулерден кейін эксперименттік майда (4.7.1) және бастапқы майдың үлгілерінде (4.7.2) титрлеу нәтижелерінің жақсы қайталаушылығы расталса, бірақ ауытқулар бұрынғыдай 1,00 $\pm$ 0,05 диапазонынан тыс болса, бұл титрлеудің нәтижелерінің жүйелік, бірақ жаңартылып тұратын ауытқуы бар екендігін білдіреді. Бұл мәселе, ең алдымен, сенімді нәтижелер алу үшін шешілуі қажет.

ЕСКЕРТПЕ Бұл жүйелік қателік, мөлшерленген шприцпен (4.5) немесе микробюреткамен (4.7) нақты көшірілген көлемдерді бағалаудағы қатенің салдарынан болуы мүмкін.

D қосымшасы
(ақпараттық)

Зертханааралық тәжірибе

Үш зертхана қатысқан зертханааралық бірлескен қосарланған бақылау сынағы алты сынақ үлгісінде жүргізілді. Сынаққа келесі үлгілер болды:

а) сұйық сүттің екі сынақ үлгісі (S1 және S2);

б) құрғақ сүттің екі сынақ үлгісі (S3 және S4);

в) кілегейдің екі сынақ үлгісі (S5 және S6).

Үлгілер Cecalait Сүт өнеркәсібін сараптау және талдау орталығымен, Полиньи (Франция), дайындалды және таратылды, орталық, сонымен қатар, Г.1-кестесінде көрсетілген статистикалық талдау жүргізді.

Г.1-кесте — Тәжірибе нәтижелері

Параметр	Үлгі						Орта мәні
	S1	S2	S3	S4	S5	S6	
Қатысушы зертханалардың саны	3	3	3	3	3	3	
Орта мәні, моль/майдың 100 г	1,273	0,674	0,593	0,484	0,331	0,257	
Қайталаушылықтың стандартты ауытқуы, s_r, ммоль/майдың 100г	0,031	0,018	0,043	0,019	0,021	0,010	0,026
Қайталаушылықтың шегі, $r(=2,8s_r)$, ммоль/майдың 100 г	0,086	0,051	0,118	0,052	0,058	0,028	0,072
Стандартты ауытқу, c, ммоль/майдың 100 г	0,064	0,037	0,062	0,004	0,011	0,036	

Библиография

[1] ISO 707|IDF 50:2008, Milk and milk products - Guidance on sampling (Сүт және сүт өнімдері — Сынамаларды сұрыптау бойынша нұсқау)

[2] ISO 1042-1998, Laboratory glassware - One-mark volumetric flasks (Зертханалық шыны ыдыс— Бір таңбасы бар өлшеуіш колбалар)

[3] ISO 3432|IDF 221:2008, Cheese - Determination of fat content - Butyrometer for Van Gulik method (Ірімшік — Май мөлшерін анықтау — Ван Гулик әдісі үшін бутирометр)

[4] ISO 5725-1:2002, Accuracy (trueness and precision) of measurement methods and results - Part 1. General principles and definitions (Әдістердің және өлшеу нәтижелерінің дәлдігі (дұрыстығы және дәлме-дәлдігі). 1-бөлім. Негізгі ережелер және анықтамалар)

[5] ISO 5725-2:2002, Accuracy (trueness and precision) of measurement methods and results. Part 2. Basic method for the determination of repeatability and reproducibility of a standard measurement method (Әдістердің және өлшеу нәтижелерінің дәлдігі (дұрыстығы және дәлме-дәлдігі). 2-бөлім. Өлшеудің стандартты әдісінің қайталаушылығын және жаңартушылығын анықтаудың негізгі әдісі)

[6] CARTIER, P., CHILLIARD, Y., CHAZAL, M.P. Dosage de l'activitй lipasique et des acides gras libres du lait par titration automatique colorimйtrique [Determination of milk lipase activity and milk free fatty acid content using colorimetric automatic titration]. Lait 1984, 64, pp. 340–355 (Картиер П., Чиллиард И., Чазал М.П. Dosage de l'activite lipasique et des acides gras libres du lait par titration automatique colorimetrique [Колориметрлік автоматтық титрлеу көмегімен сүттегі сүт липазасының белсенділігін және бос май қышқылының мөлшерін анықтау]. Lait 1984, 64, 340-355 беттер)

[7] DRIESSEN, F.M., JELLEMA, A., VAN LUIN, F.J.P., STADHOUDERS, J., WOLBERS, G.J.M. The estimation of the fat acidity in raw milk. An adaptation of the BDI method, suitable for routine assays. Neth. Milk Dairy J. 1977, 31, pp. 40–55 (Дриссен Ф.М., Джеллема А., Ван Луин Ф.Дж.Р., Штадхаудерс Дж., Уолберс Г.Дж.М. Шикі сүттегі май қышқылдығын анықтау. Ағымдағы сараптамаларды жүргізу үшін қолданылатын BDI әдісін бейімдеу. Neth. Milk Dairy J. 1977, 31, 40-55 беттер)

[8] EVERS, J.M., LUCKMAN, S., PALFREYMAN, K.R. The BDI method — Part 1: Determination of free fatty acids in cream and whole milk powder. Austral. J. Dairy Technol. 2000, 55, pp. 33–36 (Эверс Дж.М., Лукман С., Палфрейман К.Р. BDI әдісі — 1-бөлім: Кілегейдегі және қаймағы алынбаған құрғақ сүттегі бос май қышқылдарын анықтау. Austral. J. Dairy Technol. 2000, 55, 33-36 беттер)

[9] EVERS, J.M. Determination of free fatty acids in milk using the BDI method — Some practical and theoretical aspects. Int. Dairy J. 2003, 13, pp. 111–121 (Эверс Дж.М. BDI әдісі арқылы сүттегі бос май қышқылдарын анықтау — Кейбір практикалық және теориялық аспектілер. Int. Dairy J. 2003, 13, 111-121 беттер)

[10] JELLEMA, A. Automatische titratie met behulp van een colorimeter bij the bepaling van de zuurtegraad van het vet. Verslag van een orilmterend onderzoek [Automatic titration with the aid of a colorimeter in the determination of the degree of fat acidity. Report of an exploratory study]. MOC in Wageningen, in cooperation with Instrument Trading "South Holland" v/h A. Hцfelt BV in The Hague, 1979-11 (Джеллема А. Automatische titratie met behulp van een colorimeter bij the bepaling van de zuurtegraad van het vet. Verslag van een orienterend onderzoek [Май қышқылдығының дәрежесін анықтаған кезде колориметрдің көмегімен автоматты титрлеу. Іздеу зерттеуінің есебі]. МОС в Вагенингене, Сауда актісімен бірлесіп істеу " Оң түстік Голландия " v/h А. Хёфельт BV в Гааге, 1979-11)

[11] JELLEMA, A., OGER, R., VAN REUSEL, A. Milk fat products and butter — Determination of fat acidity. Collaborative study by Joint IDF/ISO/AOAC Group E39. Bull. *IDF* 1988, (235), pp. 81–91 (Джеллема А., Огер Р., Ван Реузел А. Сүт өнімдері және май —

Майдың қышқылдығын анықтау. IDF/ISO/AOAC, Е39 тобының бірлескен зерттеуі. Bull. IDF 1988, (235), 81-91 беттер)

[12] KUZDZAL-SAVOIE, S. Determination of free fatty acids in milk and milk produts. Bull. IDF 1980, (118), pp. 53–66 (Куздзал-Савойи С. Сүттегі және сүт өнімдеріндегі бос май қышқылдарын анықтау. Bull. *IDF* 1980, (118), 53-66 беттер)

[13] PERRIN, D.R., PERRIN, D.D. The determination of free fatty acids in milk. J. Dairy Res. 1958, 25, pp. 221–227 (Перрин Д.Р., Перрин Д.Д. Сүттегі бос май қышқылдарын анықтау. J. Dairy Res. 1958, 25, 221-227 беттер)

[14] Standard methods for the examination of dairy products, 17th edition. New York, NY: American Public Health Association, 2004 (Сүт өнімдерін тексерудің стандартты әдістері, 17-басылым. Нью-Йорк, NY: Қоғамдық денсаулық сақтаудың американдық ассоциациясы, 2004)

[15] VAN REUSEL, A. Contribution a l'йtude de la dйtermination des acides gras libres dans le lait et les produits laitiers. [Contribution to the study of the determination of free fatty acids in milk and dairy products]. Gembloux: Centre de Recherches Agronomiques de l'Etat, 1989. (Мйmoire n° 12.) (Ван Реузел А. Contribution a l'etude de la determination des acides gras libres dans le lait et les produits laitiers. [Сүттегі және сүт өнімдеріндегі бос май қышқылдарын анықтауды зерттеуге үлес]. Gembloux: Centre de Recherches Agronomiques de l'Etat, 1989. (Memoire n° 12))

ӘОЖ 637.1/.3:637.043.064:006.354 **МСЖ 67.100.10**

Түйін сөздер: сүт майы, титрленетін қышқылдық, сүт өнімдері, қышқыл сүтті өнімдер, титрлеу процедурасы, майды бөлу, майды еріткіш

НАЦИОНАЛЬНЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

МОЛОКО И МОЛОЧНЫЕ ПРОДУКТЫ

Определение титруемой кислотности молочного жира

СТ РК ISO/TS 22113-2013

ISO/TS 22113:2012 Milk and milk products – Determination of the titratable acidity of milk fat (IDT)

Издание официальное

**Комитет технического регулирования и метрологии
Министерства индустрии и новых технологии Республики Казахстан
(Госстандарт)**

Астана

Предисловие

1 ПОДГОТОВЛЕН И ВНЕСЕН Республиканским государственным предприятием «Казахстанский институт стандартизации и сертификации» и Техническим комитетом по стандартизации № 60 «Экологически чистая продукция» (Учреждение «Международная академия экологии»)

2 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ Приказом Председателя Комитета технического регулирования и метрологии Министерства индустрии и новых технологий Республики Казахстан от 19 ноября 2013 года № 534-од.

3 Настоящий стандарт идентичен международному стандарту ISO/TS 22113-2012 «Milk and milk products – Determination of the titratable acidity of milk fat» (Молоко и молочные продукты. Определение титруемой кислотности молочного жира).

ISO/TS 22113-2012 разработан Техническим комитетом ISO/TC 34 Пищевые продукты, Подкомитетом SC 5, Молоко и молочные продукты и Международной федерацией производителей молока (IDF).

Перевод с английского языка (en).

Официальные экземпляры международных стандартов, на основе которых подготовлен (разработан) настоящий национальный и на которые даны ссылки, имеются в Едином государственном фонде нормативных технических документов.

В разделе «Нормативные ссылки» и тексте стандарта ссылочные международные стандарты актуализированы.

Степень соответствия - идентичная, (IDT)

4 ВВЕДЕН ВПЕРВЫЕ

5 СРОК ПЕРВОЙ ПРОВЕРКИ **2020 г**
ПЕРИОДИЧНОСТЬ ПРОВЕРКИ **5 лет**

Информация об изменениях к настоящему стандарту публикуется в ежегодно издаваемом информационном указателе «Нормативные документы по стандартизации», а текст изменений и поправок – в ежемесячно издаваемых информационных указателях «Национальные стандарты». В случае пересмотра (замены) или отмены настоящего Стандарта соответствующее уведомление будет опубликовано в ежегодно издаваемом информационном указателе «Национальные стандарты».

Настоящий стандарт не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Комитета технического регулирования и метрологии Министерства индустрии и новых технологий Республики Казахстан.

Содержание

	Введение	IV
1	Область применения	1
2	Принцип	1
3	Реагенты	1
4	Приборы	3
5	Отбор проб	4
6	Подготовка испытательных образцов	4
7	Процедура	5
